



ЖАҢА ДӘРІСХАНАЛАР – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ш.С. Абишева,

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы Yessenov University
«Қазақ филологиясы» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

Менің әкем – өмірдің ең қиын-қыстау кезеңдерінде, Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі қалыпқа келтіру жылдары, жоқшылық, тарымшылық, жеткіліксіз кезеңдерді бастан өткерген ұрпақтың өкілі. Әкесі соғысқа кетіп жетім өскен оның жастайынан ес жиып, етек жинап, тірліктің қай жағына да ерте араласуына тура келді. Оқуға зерек, қабілетті жас өзі көкसेген оқу орнына түсіп, оны ойдағыдай тәмамдап, туған елге оралды. Жас маман алғашында колхозда бас зоотехник, аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды.

Сарабал салихалы ойлы, салмақты сөзді, бірбеткей шешімді, шебер ұйымдастырушылық қабілетімен көрінген әкемді орда бұзар отыз жасында сол кездегі бірден-бір үлкен шаруашылық «Ильич» атындағы совхозға директорлыққа жұмсады. Әкем бұл қызметті де абыроймен атқарады. Одан кейінгі жылдары көздеген межеден көрінген, маманданған, әбден ысылған ол жаңадан ашылған «Қаракұдық» совхозына директорлық қызметке жібереді. Ол кезеңдерде біз, балалары мектеп оқушылары едік. Аталған шаруашылық та азғантай уақыттың ішінде облыстық, республикалық жарыстарда алдыңғы қатардан көрініп, басшылықтың түрлі марапаттарына ие болады.

Кейін 1983 жылы әкемнің қызмет бабымен Ақтау қаласына қоныс аудардық. Ондағы себеп облыс басшылығы әкемнің білім-білігінің, қарымды қабілетінің жоғары бағалап, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы қызметіне дейін тағайындайды. Ол Маңғыстаудың қатал ауа райына, қытымыр табиғатына қарамастан абыройлы жұмыстар атқарды. Шаруашылық пен халыққа қызмет көрсету ісін басты назарда ұстады.

Әкем өзінің ойымен, биік парасатымен, қажырлы еңбегімен, бұрынғының билеріндей төгілтіп айтар шешендігімен, ұлттық дәстүрге, әдет-ғұрыпқа жетіктігімен, ұтымды қалжың-әзілімен сегіз қырлы, бір сырлылығын көрсетті. Абыроймен еңбек етіп, зейнеткерлікке шықса да жәй жатқан жоқ, Маңғыстаудың тұлғаларын тірілтті. Кезеңінде елге рухани білім берген, шәкір оқытқан имандылық қағидасын ұстанған, Меккеге барған, би, шешен Құлыш туралы «Шоңай Құлыш би» атты тарихи танымдық кітабын жазды.

Кейін 2024 жылы өзінің жалынды жастық, студенттік кезеңнің ұмытылмас сәттерін бірге өткізген адал досы Сисен Әбдрахмановтың өмір жолын кейінгі



ұрпаққа үлгі етті. Маңғыстаудың атын әлемге әйгілеген Адай жылқысы турасындағы «Тұлпардың тұяғымен өрілген тарих» атты еңбек жазды. Туған өлкесінің қатал табиғаты, жер бедері, шыңырау құдықтар, танымал құдықшылар, Қазан төңкерісіне дейінгі, одан кейінгі шаруашылық, су қорлары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, мал өнімдері, оны пайдалану, ұлттық тағамдардың емдік қасиеттері, сонымен қатар, Маңғыстау топырағынан шыққан Социалистік Еңбек Ерлері, олардың ерен еңбектерін т.б. жан-жақты баяндайтын Маңғыстаудың ауыл шаруашылығын толыққанды баян ететін энциклопедиялық-анықтамалық оқулық толымды еңбек «Тағылымды» жарыққа шығарды. Мұның бәрі де ұрпаққа азық, құнды дүниелер еді.

Міне, менің әкем Ауылшаруашылығының білгір маманы, ғалым-зоотехник, қарымды қаламгер, «Құрмет белгісі» ордені, КСРО халық шаруашылығын дамытудағы жетістіктері үшін КҮМИС» медалі, Екі мәрте І дәрежелі «Еңбек даңқы», ҚР «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгілерінің иегері, 1997, 2008 жылдары жарық көрген «Маңғыстау», 2013 жылы жарыққа шыққан «Маңғыстаудың Ауыл шаруашылығы» энциклопедияларының алқа мүшесі, белді авторларының бірі, ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

Маңғыстау өлкесіндегі бірден бір оқу орны Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде ұрпаққа үлгі ететіндей үрдіс қалыптасқан. Ол – өлке экономикасына, шаруашылығына, рухани бағыттарына еңбегі сіңген тұлғаларға атаулы оқу аудиторияларын ашу үрдісі.

2023-24 оқу жылының орта тұсында әкеміздің атына «Сәбит Әбішұлы атындағы атаулы оқу аудиториясы» ашылды.



Оқу сабақтарын өткізуге және біртуар тұлғаның еңбек жолы мен шығармашылығының түрлі кезеңдерімен таныстыруға арналған дәрісхананы университет басшысы Б.Ахметов пен аталған аудиторияны жасақтауда қаржылай



көмек көрсеткен ұлы Әсет Сәбитұлы салтанатты түрде ашты. Аталған жиынға Маңғыстау облысы әкімшілігі тарапынан қонақтар, әкемнің көзін көрген кезінде бірге қызметтес болған ардагер ел ағалары, облыстық, аудандық ауылшаруашылығы саласында жұмыс жасаған үзеңгілес інілері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Өлкетанушы Отыншы Көшбай ағамыз әкемнің қаламгерлік қыры турасында: «...оның шығармаларын қолға алып ішіне үңіле бастағаннан-ақ, құнарлы дүниеге қызыққаныңыз сондай, жазушының жетегіне қалай еріп кеткеніңізді өзіңіз де білмей қаласыз. Айтулы шебердің қолынан шыққан, көрген адамды таңқалдырып, табындырған дүниелерді қамшының өріміндей қайта-қайта қарайсыз. Өйткені оның қай кітабы, қай шығармасы да халықтың ежелден келе жатқан (мүмкін соңғы кезде ұмыт бола бастаған) әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, наным-сенімдерімізді көз алдына әкеледі. Бірде бет қаратпас аязына тоңып, бірде адам төзбес ыстығына күйіп, ұшқан құстың қанаты талған мына иен даланы мекен еткендердің өз ұлтымызға тән құндылықтары арқылы қазақы болмысымызды сақтау, оны ұрпақ бойына дарыта білуді басты мақсаты еткендігін анық көреміз.

Осыған дәлел, ағамыздың әр жылдары жарық көрген «Өмір өрнектері» (2002), «Досым туралы толғаныс» (2004), «Шоңай Құлыш би» (2006), «Тағылым» (2009), «Әке рухын еске алу» (2012), «Ананың ақ тілегі» (2012), «Тұлпардың тұяғымен өрілген тарих» Адай жылқысы хақында» (2013) атты кітаптарын оқығанда тума талант табиғатынан өзгелерден ерек, сөз құдыретін бағамдап, бағалай білетін кәнігі жазушы екендігіне көз жеткіземіз.

Суреткер парызы дегеніміз талғамы жоғары оқырмандарына көтеріп отырған тақырыбын тайға таңба басқандай барынша нанымды етіп баяндап беруінде. Мен Сәбит ағаның қалдырып кеткен еңбектерін оқып шыққанымда, оның осындай қағидаларды берік ұстанған, өте талғампаз жан болғанына көзім жете түсті. Өзінің замандасы, досы, қарымды қаламгер Әбіш Кекілбаев айтқандай Сәкеңнің қаламгерлік қабілетіне «Сәбит қаламгерлікті кәсіп еткенде қазақ әдебиетінде белгілі жазушы болатыны ақиқат еді», деген пікірі ойға оралады.

Маңғыстаудың табиғаты және табиғи қорлары, географиялық-экономикалық орналасуы, жер бедері, геологиялық құрылымы және кен байлықтары, су қорлары, құдықшылар, шымыраулардың тарихы, өсімдіктер дүниесі, емдік шөптер, тағамдық өсімдіктер, жануарлар дүниесі, қорықтар мен қорықшалар, орман шаруашылығы, топырағы және ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, төрт түлік малдың қасиеті, оны асылдандыру, одан алынатын ұлттық тағам түрлері, дайындау, ұлттық тағамдардың қадір-қасиеті, адам ағзасына пайдасы, өлкенің сан-салалы тұрмысына арналған «Тағылым» атты көлемі 600





беттік энциклопедиялық еңбегі әр шаңырақтың анықтамалығы, әр шаруаның қолынан тастамайтын, ешқашан құнын жоймайтын оқулығы десек артық айтқандық емес.

Ғылыми бағыттағы аталған еңбек Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы Республикалық Ауыл шаруашылығы бағытына қатысты Ғылыми кеңестің шешімімен, ауыл шаруашылығы бағытын зерттеуші академик-ғалымдардың талқысына түсіп, оң пікірлерін алған тарихи танымдық еңбек болды.

Әкемнің 2013 жылы Адай тұлпарын ғылыми тұрғыда негіздеген «Адай жылқысы хақында «Тұлпардың тұяғымен өрілген тарих» атты ғылыми бағыттағы кітабы жарық көргені баршамызға аян. Бұл ауыл шаруашылығы саласының білгір маманының ұзақ жылдар бойғы ізденісінің жемісі десе артық айтқандық емес. Арғымағын қадірлейтін халқымыз үшін Жылқы жылы қарсаныңда жарық көрген, «Еңбегімді қазақтың Адай жылқысы тұқымының болашағына арнадым» – деп басталатын бұл кітап тұтасымен қасиетті жануар жылқы малына, оның ішінде айырықша тұқымды Адай жылқысына арналған.

Аталған кітапта бұл тұқымның түп-төркіні, түп-тұқиянынан қалыптасқан қасиеттері, қатаң табиғатқа төзімділігі, өсіп-өнуі, алыс қашықтықтарға ерекше шыдамдылығы, қазақ халқының ат жарату мен оның бабы мен сыны, өлкемізге белгілі жылқы өсірушілер, жылқы малын алыстан танитын ат жаратқан атақты атбегі-сейістер, сәйгүлік, қазанат арғымақтар, жылқы атаулары мен әбзелдері т.б. кеңінен сөз болады. Сонымен бірге Адай жылқысының кеңестік дәуірге дейінгі, кеңестік дәуір кезіндегі, ендігі болашағы туралы, мал тұқымын асылдандыру бағытындағы жұмыстың қорытындылары, соңғы кездегі түрліше алыс қашықтықтардағы халықаралық жарыстардағы біздің Адай сәйгүліктерінің үнемі барша көрерменді таңғалдырып, тұрақты жүлде алулары жайында да кеңінен баяндалады.





Балалық шағынан еңбек жолы түгелдей осы жылқымен біте қайнасып, суығына тоңып, ыстығына күйе білген әкемнің Адай тұқымды жылқыға арнаған кітабы, өскелең ұрпақ үшін тәлім-тәрбиелік маңызы зор, оқырманның жүрегіне жол тапқан отандық жылқы шаруашылығындағы үздік ғылыми туындылардың бірі болып саналады. Сондай-ақ, сан ғасырлық тарихы бар киелі Маңғыстау өңірінен бастауын алған, бүгінде ұмытыла бастаған жылқы шаруашылығы бойынша – өнегелі іс-тәжірибені ғылыми тұрғыдан зерделеп, біреулерге аңыз, ал енді біреулерге ақиқат болған Адай жылқысының болмысын, қадір-қасиеті мен арғы-бергі тегін, бүгінгісі мен болашағын көпшілікке паш еткен құнды жәдігер болды.

Жалпы Адай жылқысын тереңірек зерттеу, ғылыми бағыттарда жұмыстар жүргізу, білікті мамандар жылқыны түрлі сынақтардан өткізіп әлемдік аренада бағын сынау деген сұрақтар көпке дейін қолға алынбағаны аян. Аталған тұғымның мықтылығы, төзімділігі турасында әкем талай ғылыми бағытта еңбектер, мақалалар жазып, республикалық, облыстық басылым беттерінде жариялап, талай республикалық құзырлы органдар, министрліктерге хаттар жолдаған. Одан тұшымды нәтиже болмағаны да аян. Дана халқым «жақсылықтың ерте-кеші жоқ» демекші, 2011 жылы Маңғыстауда Сығынды тауының күнгеі – «Ақтұмсық» жерінде адай жылқысын мемлекеттік сынақтан өткізетін алаңға айналып, жылқыға арналған 90 шақырымдық алғашқы сынақ өтті. Сайыс директоры ҚР Ат спорты федерациясының вице-президенті С.Буйкевич болды. Бұл адай жылқысының халықаралық деңгейде мәртебе алуына жасалған алғашқы қадамы болды.

Жарысқа халықаралық қалыптасқан заңдылық талап етілді. Сынақта адай сәйгүліктері І-ІІ-ІІІ-Шорынды қатар алып алтын, күміс, қола медальға ие болды. Шараны ұйымдастырған ҚР Ат спорты федерациясы болатын. Ғылыми тұрғыда кеңесші ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессорлар Г.В.Сизонов пен Д.Сыдықов болатын.

2011-12 жылы қазақтың адай жылқысы тұқымына 8 мәрте Халықаралық талаптарға сай сынақ өтіп, бәрі де сәтті аяқталды. Сөйтіп «Ақтұмсықтағы» мемлекеттік сынақ ойлаған жерден шығып, сол күннен бастап адай жылқысына әлемдік алысқа белгіленген (80-90-120-140-160 шақырым) сайыстарға қатысу қажеттілігі туындады. Алматыда өткен Азия ойындарының чемпионатында Қазақстан халықтары ІІІ спартакиадасының Ат спорты жарысында 90 шақырымдық қашықтықтағы шабысқа қосылған Адай жылқылары мәреге бірінші, екінші және үшінші орынды еншіледі. Сөйтіп, Маңғыстаукомандасы алтын мен күмістен, қоладан алқа тағып, Адай жылқысының атағын асқақтатты.



2011 жылы Ресей мемлекетінің Спасск-Рязань қаласында өтетін ТМД елдерінің 20 жылдығына арналған спартакиадасына қазақ елінің атынан қатысуға жолдама алып, нәтижесінде Халықаралық деңгейдегі 80 шақырымдық жарыста белгілі сейіс-атбегі С.Рәтовтың «Ойлы» атты тұлпары I орынды жеңіп алып, бұған қоса III, IV орынның да жүлдесін Маңғыстаулық сәйгүліктер еншіленген болатын. Кубокпен бірге «Көрермен көзайымы» сыйлығын еншіледі. Сөйтіп, «Достық кубогы» Ресей мемлекетінен алынып, Қазақстанның қанжығасына байланып, Адай аттарына әлем тәнті болды. Жарыс нәтижесі қазақтың адай жылқысының даңқын жарты әлемге танытты. Кейін түрлі жарыстарда жүлде салған 23 атқа ҚР Ат спорты қауымдастығының «Қазақстан Республикасы спорттық жылқы құжаттары» куәлігі берілді.

Сол 2011 жылдың қазанында Кендірлі жерінде алысқа шабатын аттардың бірқатар легі жинақталып, халықаралық ат жарысы талаптары деңгейінде 120 және 80 шақырымдық қашықтыққа ат жарысы сынағы өткізіліп, адай жылқысы 120 шақырымдық қашықтықтан Жаңаөзендік сәйгүлік «Аққанат» бірінші болып келген еді. Осы Кендірліде өткен халықаралық ат жарысы туралы ҚР Ат Спорты федерациясының вице-президенті С.Буйкевич: *«— Бұл жарысты өте беделді депайта аламын. Оған төрелік жасауға Норвегиядан, Біріккен араб әмірлігінен, Польшадан, Мәскеуден халықаралық дәрежедегі төрешілер мен мал дәрігерлері келіп отыр. Олар нағыз ысылған мамандар. Бұлардың мақсаты біздің аттарымыз бен шабандоздарымызды сынау және бағалау. Қазақстанда аттардың бірнеше тұқымы бар, бірақ солардың ішінде өзінің төзімділігі, шыдамдылығы, алыс қашықтыққа жарыса алатын қабілеті жөнінен Адай жылқысына тең келетіні жоқ. Бұл дау жоқ дәлелденген тұжырым. Бұл жылқының болашағы өте зор. Бұл тұқым табиғаттың өте қатал жағдайында табиғи сұрыптаудан өткен жануарлар»* – деп пайым жасаса, Халықаралық Ат спорты федерациясының мүшесі, ресейлік Г.Андриевский *«Сөз жоқ, адай жылқысы – табиғаттың тамаша туындысы»* деп таңданысын жасыра алмаған.

Біріккен Араб әмірлігінен келген ат жарыстарының халықаралық дәрежедегі төрешісі Шейх Мұхамбет: *«— Мен талай байрақты бәсекелерді өткізіп жүрген маман болсамда, Адай жылқысына таңқалып отырғанымды жасыра алмаймын»* – деп Адай тұлпарына баға берген.

Сонау ел басына күн туған нешеме зобалаң орнатқан нәубет жылдарындағы қуғын-сүргінде озбыр-лардың қазақ халқын ғана емес, асыл тұқымды жылқыларын да қырып-жойғандығына бір ғана «Көкмойнақтың үйірі» жыры дәлел бола алады. Көкмойнақ – суық пен ыстыққа төзімді, жүйрік, жай-күй талғамайтын асыл тұқымды жылқы және оның үйірі. Бұл турасында әкем Адай



тұқымды жылқыға арнаған еңбегінде: «Кеңестік солақай саясаттың қанды құрығына іліккен үйір тоз-тоз болып жоғалады. Бүгінгі жылқы осы үйірдің жұрнағы деуге болады. Сондай-ақ ІІ дүниежүзілік соғыста Маңғыстаудан майданға жылқы алынып, олар Нальчик қаласында арнайы үйретіліп, майданға Маңғыстаудан барлығы 3000 жылқы кетеді. Соғыстан соң жылқылар елге оралған жоқ, Нальчикте, яғни кабарда елінде қалды. Ұлттық брендке айналған кабардалық жүйріктер қазақтың адай жылқысының тұқымы болмасына кім кепіл?!» – деген пайымын алға тартады. 2015 жылы Францияда дүниежүзілік бәйгеге қатысып, Латын Америкасы, Сауд Арабиясынан келген кәсіби мамандардың жоғары бағасына ие болады. Қазақтың адай жылқыларын ғылыми-зерттеу, таныту бағытындағы жұмыстарда Адай жылқысы хақындағы әкемің еңбегінің маңызы зор екендігін мақтанышпен айта аламын.

Домбыра, қазы, асылған ет, киіз үй, бауырсақ, қымыз бен шұбат – әлем елдері алдында қазақ мерейін асырып, ұлттық ерекшелігін, бай мәдениетін, терең тарихын, жауынгерлік рухын таныта, қазақ мемлекеттігін мойындата түсетін нақты дәлелдер десек, қазақтың адай жылқысы да ұлттың ұлылығын таныта түсер құндылықтарымыздың бірі екені даусыз. Өзгелердің қымызды, қазыны бізден бұрын патенттеп алғанын, жылқының алғаш қазақ даласында қолға үйретілгендігіне қарсы дау айтқандығын ескере отырып, тұқымы соғыс жылдарында өзге елдерге тараған қазақтың адай жылқысын ұлттық бренд ретінде танытсақ, қазақтың ат құлағында ойнаған, жылқыны қанаты санаған қайсар халық екендігі дәлелдене түседі дегіміз келеді.

Арабтар сұлу сүліктей сәйгүлігін, қырғыздар «Манас» жырын, түрікмендер ахалтеке тұлпары мен алабай итін, тіпті кілеміне дейін әлемге танытып үлгерді емес пе?! Салт-дәстүрге бай, рухани байлықтан кенде емес қазақ халқы да өз ұлттық құндылықтарымен мақтана алады.

2022 жылдың қазан айында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың қолдауымен, Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен алғаш рет «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі өтті. Адай жылқысы турасында «Адай жылқысын Маңғыстаудың бірегей байлығы деуге болады. Бұл арғымақтар шөлге ерекше шыдамды, алыс жолға төзімді. Маңғыстау тұлпарлары алысқа шабатын халықаралық марафон жарыстарында әрдайым бәйге алып жүр. «Ұлы дала жорығында» облыс шабандоздары жеке-дара озып келді. Адай жылқысын әлемге таныта алсақ, бұл біздің тамаша брендімізге айналады. Сондықтан Үкіметке оны ғылыми түрде асыл тұқымды мал ретінде тану және көбейту үшін тиісті жұмыстарды жедел қолға алуды тапсырамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. «Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр», – демекші қашанда Мемлекет



басшысының айтуынша, Қазақ Адай жылқысын қазақтың тағы бір тамаша брендіне айналдыру қажет.

Астанада басталып, 12 күндік жүрістен соң Түркістанда мәреге жеткен марафонға еліміздің 19 өңірінен 200-ге жуық сәйгүлік қосылды. Жарыстың шарты бойынша әр команда марафон-бәйгеге бес ат салып, 600 шақырымнан кейін оларды ауыстырып отыруы және шабандоздар күніне 100 шақырымды бағындыруға тиіс болды. Маңғыстаудан барған «Көкмойнақ» тобы аталған шартты орындап, доданың байрағын желбіретіп оралды. Бұл – үлкен жарыстардың бастамасы. Алда халықаралық, әлемдік үлкен додалар күтіп тұр.

Асыл тұқым Адай жылқысының бұрын атына, даңқына сырттай қанық көпшілік осы жолы аталған жылқы тұқымы жетістіктерінің кездейсоқ еместігін, оның айрықша жаратылыс екендігін мойындауға мәжбүр болды. Осындай өзімізде бар керемет асыл тұқымды жылқыларымызды біреу білсе, біреу біле бермейді. Болашақта Бүкіл дүниежүзіне белгілі ағылшын мен араб жылқыларының деңгейіне Адай жылқысы да көтеріледі деген үмітіміз бар. Тарихи-мәдени ескерткіштер сияқты Адай жылқысы да бабадан бізге жеткен асыл мұра. Әрбір арлы, намысты қазақ Адай жылқысының әлемдік деңгейге қадам басуына шын жүрегімен қуанып, қолдасақ, ұлттық құндылығымызды насихаттасақ, сонда ғана біздің бірлігіміз нығайып, рухани үстемдігіміз артып қазақ елін дүние жүзі таныған үстіне тани түсетіні ақиқат. 2023 жылдың 28 желтоқсан күні Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» Адай жылқысының 6 түрін жаңа ұлттық бренд ретінде тіркеді. Осының негізінде Адай жылқысының жаңа тұқымдарын Қазақстан Республикасының селекциялық жетістігі ретінде тіркеу және патент иеленушінің селекциялық жетістікті пайдалануға айрықша құқығын, оның басымдығы мен селекционердің авторлығын куәлендіретін патент берді.

Бір өкініштісі бұл сүйіншілеген хабарды әкемнің естімегені. Дегенмен, атам қазақ әруақ қолдайды деп айтып жатады ғой, соған қарағанда осы елге жеткен сүйінші хабарды менің әкем де естіп, сезіп рухы шат болып жатқан болар деп ойлаймын.

Ағымдағы жылдың 23-қаңтар күні Маңғыстауда Адай жылқысының жаңа ұлттық бренд ретінде тіркелгені салтанатты түрде кең көлемде аталып өтілді. Салтанатты жиынға жан-жақтан атбегілер, одақтық, республикалық Ат спорты федерациясы өкілдері, қонақтар т.б. келді. Алланың шеберлігінде сөз жоқ қой, қасиетті жануар Адай жылқысына арналған бұл мереке менің әкемнің өмірден өткеніне он жыл және жерге түскен күніне дәл келгеніне танданысымызды жасыра алмадық. Бұл да бір Жаратқанның сыйы болар деген ой түйіп, іштей шүкіршілік



еттік. Әкемнің қабырғада ілулі тұрған бейнесіне қарап, «Әке, сен Адай тұқымды жылқының қай жағынан да мықтылығын ғылыми тұрғыда сан мәрте дәлелдесең де, сол кезеңдегі (Кеңес кезеңі) үкімет басындағылардың бұл жылқының қасиет-қадірін мойындағысы келмей, керітартпа әрекеттері мен немқұрайлылықтары талай назыратқанын еститін едім. Міне, бүгінде қасиетті жануар, Адай тұқымды жылқыны әлем мойындады. Адай жылқысының 6 түрін жаңа ұлттық бренд ретінде ресми тіркеді. Арнайы патент берді.

Бұқара халықтың алдында сенің есіміңді дара айтып, «Қазақтың Адай жылқысы» төсбелгісімен марапаттады. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деген, сенің атың аталғанда төбеміз көкке сәл-ақ жетпей қалды. Мерейіміз өсіп отырды. Тек өкініштісі қасымызда сен жоқсың. Шіркін, осы қуанышты сәтті өзің көзіңмен көргенде ғой...



Сайып келгенде, ұрпаққа өнегелі ісімен халық жадында қалған ауыл шаруашылығының білгірі, қарымды қаламгер менің ардақты әкем, Сәбит Әбішұлының сан қырлы қасиеті атаулы аудиторияның ашылу салтанатында жан-жақты айтылды.

Салтанатты жиында аталған шараға келген қонақтарға әкемнің өлкенің ауыл шаруашылығының анықтамалығы іспеттес құнды еңбегі «Тағылым» мен өзі өмірден өткеннен кейін құрастырылған әкемнің бұрын басылым беттерінде жарияланбаған көркем туындылары, естелік-жазбалары, т.б. жинақталған «Өмір – дария...» кітабы естелікке таратылды.

Жиын соңында университет басшысы Б.Ахметов болашақ ұрпаққа мирас болатын атаулы аудиторияны жасақтап, әке рухын еске алу, дәріптеу мақсатында атқарылған игі ісімізге ризашылығын білдірді. Міне, «Ғалымның хаты өлмейді» деген осы болар.